

Абдралиев А. Қарашева Ж.Г.

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАС

Абдралиев А., Қарашева Ж.Г.

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНА УКУКТУК КӨЗ КАРАШ

Абдралиев А., Қарашева Ж.Г.

СТРАТЕГИЯ «КАЗАХСТАН-2050» ПРАВОВОЙ ВЗГЛЯД

A. Abdraliev, Zh.G. Karasheva

STRATEGY "KAZAKHSTAN-2050" LEGAL OPINION

УДК: 321.01 (574.4)

В данной статье рассматривает цель индустриально-инновационной стратегии к 2050 году создать общество благоденствия на основе и возможностях всеобщего труда. Сильное государство особенно важно для обеспечения условий ускоренного экономического роста. Сильное государство занимается не политикой выживания, а политикой планирования, долгосрочного развития и экономического роста.

Қазақстан бүгінгі күнде, сонау, тәуелсіздік алғаннан бері адам айтқысыз табыстарға қол жеткізді. Бірақ, қол жеткіздік дегенге қашанда қол қусырып қарап отыруымыз керек деген сөз емес. Жыл өткен сайын мұндай жетістіктерге қоғам болып, бір ел болып атсалысып жатқан көптеген шаралар да жетерлік. Бұған Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына бағдарламалық Жолдауы айғақ болып табылады. Осы кең ауқымды құжатпен жан-жақты қарастырылды. Онда барлық салалар - әлеуметтік, экономикалық, саяси, халықаралық салалардың барлығы қамтылған. Қазақстан басшысы тәуелсіздік жылдарындағы табыстарды қорытындылай келіп, елді өркендетудің әрі қарайғы жаңа бағдарын айқындайтын 2050 Стратегиясын ұсынып отыр. Жолдауда білім беру жүйесіне үлкен назар аударылған. Бұл - өте маңызды. Бүгінде Қазақстанда сапалы білім алуға барлық жағдай жасалған. Сонымен бір мезгілде, қазіргі әлемнің күрт дамуын есепке ала келгенде, Президент Н.А.Назарбаев басшы инженерлік және техникалық мамандықтарды дамыту, кәсіби мамандар дайындау мен қайта дайындау қажеттігін дұрыс көрсеткен. Бизнес ортаны, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарын әлеуметтік жауапкершілік танытып, өз бетінше білім алуға мүмкіндігі жоқ жастарға көмек қолын созуға шақырады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін Қазақстан басшысы нақты міндеттер қойып отыр. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар [1]. Бұл үшін жоғары және орта білім беру жүйесін, оқытудың грант жүйесінің көп баспалдақтығын құру мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін қалыптастыру қажет екені атап көрсетіледі. Сонымен қатар, мамандандырылған ғылыми-зерттеу және қолданбалы білім беру, т.б. мамандандырылған білім

беру жүйесін құру керектігі көлденең тартылады. Білім беру жүйесін дамыту - бұл ең ұтылмайтын және инвестиция түрінде қайтарым беретін үдеріс. Бәсекеге қабілетті адам капиталы - елдің болашағы. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығық меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет.

Мемлекет үшін және ананы қорғау - ерекше мәселе. Әрине, Елбасы жолдауында ананың өмірі мен денсаулығына аса көңіл аударылғаны белгілі жайт. Бірақ, оларға әлеуметтік және еңбекпен қамсыздандыру мақсатындағы қолдауды есеруіміз керек-ақ. Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар-болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Біз әйел затына - анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта орал-туға тиіспіз. Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек, түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызуымыз керек. Одае кейінгі айтатын мәселе, 15 жыл ішінде қазақстандықтардың табысы 16 есе өсті. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың саны 7 есе азайды, жұмыссыздар саны екі есе қысқарды дегенімізбен, Президенттің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауынан кейін, ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен 2011 жылғы 31 наурыздағы №316 «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын» іске асыру барысында жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыруды нақтылау қажет. Қазіргі таңда Алматы қаласында Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының бірінші бағыты «Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және табысы аз адамдарды оқыту және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу» жүзеге асырылуда [2]. Бағдарлама үш бағытта жүргізіліп жатыр. Олар: кәсіптік оқуға жіберу, әлеуметтік

жұмыс орындарына және жастар тәжірибесіне жіберу. Осы үш бағыт бойынша, бос жұмыс орындары ұсынылып жатыр. Егер оған көңілдері толмай жатса, немесе бұрын еңбек нарығында қызмет етіп, кейін жұмыссыз қалған жоғары білімі мен еңбек тәжірибесі бар азаматтар болса, оларды басқа мамандықтар бойынша қайта даярлау курстарына бағыттайды. Ал, егер білімін жетілдіруді қалағандары болса, олар үшін біліктілігін арттыру курстары бар. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарына жіберілген азаматтарға 12188 теңге көлемінде шәкіртақы төленеді.

Алматы қалалық «Жұмыспен қамту және элеуметтік бағдарламалар басқармасының» мәліметіне сүйенсек мынадай іс-шараларды жүзеге асырылып жатқандығын мензейді:

Халықты элеуметтік қорғау бойынша іс-шараларды қаржыландырудың 2012 жылға арналған нақтыланған жоспары - 7 393,4 млн. теңгені, ал 2012 жылдық 9 айына арналған жоспар - 5 586,6 млн. теңгені құрайды, есептік кезеңде нақты игерілгені - 5 513,5 млн. теңге (9 айға арналған жоспардың 98,7 пайызы игерілген).

Халықтың табысы төмен тобына қолдау көрсету мақсатында элеуметтік көмектер мен жәрдем-ақылар тағайындау және төлеу жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан Республикасының «Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңына сәйкес, 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдем-ақы тағайындалып, төленуде. Жәрдемақы адам басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінен төмен болған жағдайда тағайындалады. Азық-түлік себетінің ең төменгі көлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызын немесе 11 405 теңгені құрайды (II тоқсандағы мөлшер)[3].

- 2012 жылы жәрдемақы төлеуге бөлінген қаражаттың көлемі 38,6 млн. теңгені құрайды. Жыл басынан бері балалар жәрдемақысы бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (1731 теңге) 1136 отбасыға (2643 балаға) 22,3 млн. теңге сомаға тағайындалды.

- ҚР "Мемлекеттік атаулы элеуметтік көмек туралы" Заңына сәйкес мұқтаж адамдарға атаулы элеуметтік көмек көрсетіледі. Аталған көмек отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы

кедейшілік шегінен төмен болған жағдайда көрсетіледі. Кедейшілік шегі тоқсан сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталады (III тоқсандағы мөлшері 7603 теңге)[4].

- Алматы қаласы мәслихатының «Арнайы қалалық жәрдемақы туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № 16 шешіміне сәйкес, зейнеткерлер, арнайы мемлекеттік жәрдемақы алмайтындар, еңбек майданының қатысушылары, бірінші топтағы мүгедектер, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі ауруынан жапа шеккендер, жасы бойынша мемлекеттік арнаулы элеуметтік жәрдемақы алушылар, арнаулы элеуметтік жәрдемақы алмайтын адамдар 1,0 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде арнайы қалалық жәрдемақы алады (1731 теңге). Осы мақсатқа ағымдағы жылы қалалық бюджеттен 2 743,7 млн теңге бөлінген. Жыл басынан бері аталған жәрдемақы 2 193,0 млн. теңгеге 157 088 адамға тағайындалды[5].

Әрине, мұндай көрсеткіштерге көңіліңіз толғанымен, атқарылып отырған істің нәтижелігін күқықтық бағдарлау және бақылау уақыт еншісінде. Халықтың жағдайын эп-сәтте көтеру мүмкін емес жағдай. Жоғарыда көрсетілген мемлекет тарапынан қолданулы шараларды бір бағытта емес, оның оңтайлы жолдарын қалыптастыра отырып, күқықтық жағынан да көмекті әрдайым берген абзал. Біздің ел - күқықтық, демократиялы, зайырлы әрі элеуметтік мемлекет екеніндігі әрдайым есте болғаны жөн. Яғни, мемлекет тарапынан жастарды «Заманына қарап бөрікіндікі» демекші, барлық саласына икемдеу, жұмыспен қамту болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1.«Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жыл, 30-тамыз;(2007.21.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 2.«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2001 жылғы 23 қаңтар N 149-И Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-күжат;
- 3.Қазақстан Республикасының «Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңы
- 4.«Арнайы қалалық жәрдемақы туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы №16
- 5.ҚР "Мемлекеттік атаулы элеуметтік көмек туралы" Заңы

Рецензент: д.полит.н., профессор Жолмухамедов С.